

М. Р. Түсіпов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ ІІО әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері;

Л. Ш. Аманова, ҒЗИ ІІО әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада авторлар қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік жүйесіндегі төтенше жағдайдың алатын орны мен маңызын кешенді зерттеу, төтенше жағдайдағы мемлекеттік үкімет органдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы ІІМ қызметін және құқықтық реттелуін жетілдіру бойынша нақты әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу қажеттілігі туралы мәселені көтереді.

Түйін сөздер: төтенше жағдайлар, төтенше жағдайдың құқықтық режимі, төтенше жағдайды енгізудің тәртібі, әрекет етудің уақытша және кеңістіктегі шектері.

Түрлі сипаттағы төтенше жағдайлар кейінгі уақыттарда өршіп келе жатқан сияқты, сондықтан жағдайды қалпына келтіру үшін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалыптастыру үшін, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олармен күрес жүргізудің ерекше, тиімділігі жоғары тәсілдер қажет етіледі: құқықтық, ұйымдық және басқа да сипаттағы белгілі бір төтенше шараларды енгізу, оның ішінде азаматтардың белгілі бір құқықтары мен бостандықтарын шектейтін уақытша шаралар.

Алайда ұлттық қауіпсіздікке деген көзқарасты тек еліміздегі объективті жағдай мен заңнаманың жетілдірілмеуі ғана өзгерткен жоқ. Сондай-ақ шетелдік тәжірибе, саясаткерлер мен ғалымдардың көзқарасы да өз әсерін тигізді, тіпті «жалпыадами қауіпсіздік термині» пайда болды¹. Ұлттық қауіпсіздіктің мұндай жаңа ұғымы қорғаныстың бірінші орнына жеке тұлғаның мүдделерін қояды: материалдық жетістігі, қоршаған ортаның сапасы, адамның құқықтары және т. с. с.

Мемлекеттік-құқықтық жүйенің аса маңызды элементі болып табылатын төтенше жағдайдың құқықтық режимі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің міндетті компоненті. Ол әлеуметтік, табиғи, техногендік және басқа да сипаттағы төтенше жағдайларды оқшауландырудың және одан әрі эскалациялаудың кепілі ретінде зорлықтың құралы бола тұрып, қажетті тыйымдар мен уақытша шектеулерді енгізу кезеңінде азаматтардың саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын қорғайды.

Төтенше жағдай ретінде біз мемлекеттік басқару органдарының қызметін реттейтін заң жүзінде қалыптасқан нормаларды танымыз. Сәйкесінше, төтенше жағдай институты келесі жағдайларды анықтайтын келісілген құқықтық нормалардың жүйесі болып табылады: төтенше жағдай режимі енгізілетін жағдайлар; төтенше жағдайды енгізуге уәкілетті мемлекеттік орган (немесе органдар); төтенше жағдайды енгізудің тәртібі; әрекет етудің уақытша және кеңістіктегі шектері; заңды тұлғалардың құқықтары мен азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын шектейтін мемлекеттік үкімет органдарының, ұйымдар мен мекемелер қызметінің ерекше режимі².

Қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік жүйесіндегі төтенше жағдайдың алатын орны мен маңызын кешенді зерттеу, төтенше жағдайдағы мемлекеттік үкімет органдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы ІІМ қызметін және құқықтық реттелуін жетілдіру бойынша нақты әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан алдымен келесідей міндеттерді шешіп алған жөн:

1. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің кешенін талдау, оларды мемлекеттің стратегиялық қауіптерімен сабақтастыру. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғауда төтенше жағдайдың құқықтық режимінің маңызы мен мүмкіндіктерін анықтау.
2. Төтенше жағдайдың түсінігі мен мазмұнын, оның Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі орны мен рөлін нақтылау.
3. Төтенше жағдайды қамтамасыз етудің құқықтық базасына талдау жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдай туралы заңнамаға сәйкес келетін ұсыныстарды әзірлеу.
4. Әкімшілік-құқықтық режимдер жүйесіндегі төтенше жағдайды қарастыру. Соған байланысты төтенше жағдай барысында енгізілетін уақытша шектеулер мен шараларды, сонымен қатар мемлекеттік үкімет органдарының уәкілеттіктерін классификациялау.
5. Қауіптің қоғамдық қауіптілік деңгейіне байланысты төтенше жағдайды енгізуге дайындық барысында және оны қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы субъектілеріндегі мемлекеттік үкімет органдарының құзыретін қалыптастыру.
6. Төтенше жағдайды енгізу барысында қолданылатын уақытша шектеулер мен шараларды қарастыру және олардың адамның құқықтары мен бостандықтарын қаншалықты негізделген және адекватты екендігін анықтау.
7. Төтенше жағдайды қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесін талдау және оны Қазақстан Республикасында пайдалану мүмкіншілігін анықтау.
8. Қазақстан Республикасы ІІМ қызметінің, оның ішінде төтенше жағдайды енгізу барысында құрылатын арнайы уақытша құрылымдардың құқықтық және ұйымдық мәселелерін зерттеу.

Әлеуметтік шиеленістердің шиеленісуі барысындағы ішкі істер органдарының негізгі міндеті шиеленістің криминалдық бағыттағы бұқаралық құқыққа қарсы әрекетке ұласуының алдын алу болып табылады. Мұндай қақтығыстар, шиеленістер туындағанда және олардың алдын алу мүмкін болмаған жағдайда құқық қорғау органдарының әрекеті, ең алдымен, көпшілік құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алуға және қақтығысушы жақтарды арашалауға бағытталуы тиіс.

Әлеуметтік шиеленістің өршуі, потенциалды әлеуметтік қақтығыстар аумағының едәуір көлемі, қақтығысушы жақтардың атыс қаруын қолдана отырып, қарсы әрекетке көшуі жағдайды қалпына келтіру, көпшілік құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу бойынша анағұрлым тиімді шараларды өңдеу мақсатында әлеуметтік қақтығыстардың даму жолдарын ғылыми тұрғыда жоспарлаудың және модельдеудің рөлін арттырады.

Мұндай жағдайда азаматтар мен құқық қорғау бағытындағы мемлекеттік емес субъектілердің тек қоғамдық тәртіпті күзетуде ғана емес, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға да қатысуы аса маңызды. Бұған қоса, шетелдік тәжірибені саралайтын болсақ, соңғы жылдардағы ірі көлемдегі апаттар тұрғындардың өздерінің тікелей қатысуынсыз оларды төтенше жағдайлардан және табиғи зіл-залалардан жоғары тиімді қорғау жүйесін құру мүмкін еместігін көрсетеді³.

Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігіне деген қатерлер жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің түрлі өмірлік салаларында көрініс табады: саясатта, басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік билік уәкілеттіктерін іске асыру тәжірибесінде, әкімшілік басқару барысында; әлеуметтік-экономикалық салада; денсаулық сақтау, ғылым, білім және мәдениет, өндірісті және коммуникациялық байланыстарды ұйымдастыру, экология саласында; құқық тәртібінде және т. б. жағдайларда.

Төтенше жағдайды азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және конституциялық құрылымды қорғау мүддесінде ғана енгізу қажет және белгілі бір территориядағы жағдайды қалпына келтіруші фактор ретінде қарастырған жөн.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмінде ерекше орынды ішкі істер органдары алатындығы белгілі. Бұл қызметі тікелей азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекетпен арнайы уәкілеттіндірілген орган болып табылады. Бұл үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері заң жүзінде кең уәкілеттіктерге иеленген және соларды іске асыра отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Өкінішке орай, тәжірибеде ішкі істер органдарының өз уәкілеттіктерін пайдалануы заңдылық, негізделушілік және шамаластық секілді принциптермен ұштаспай да жатады, бұл әрине өз кезегінде, азаматтар құқықтарының нақ осы ішкі істер органдарымен бұзылуына әкеліп соқтырады.

Төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта тұратын тұрғындар құқығының бұзылу фактілері де анықталып жатады, адамның ең басты құқығы — өмір сүру құқығы, тұрақты қауіпте болды. Ал сол адамдардың құқықтары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес енгізілетін төтенше жағдай режимін тікелей жүзеге асыратын сол мемлекеттік басқару органдарымен бұзылып жатады.

Төтенше жағдай институтын құқық тәртібін қамтамасыз етудегі «соңғы тәсіл» ретінде қолдану тек төтенше жағдайдың тууына себепші болған жағымсыз салдарды жоюдың жай шараларын енгізу жеткіліксіз болмаған жағдайда ғана қажет. Сондықтан мемлекет ерекше шараларды енгізуге мәжбүр болады. Аталған институт әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік-құқықтық механизмнің қажетті элементі болып табылады. Және әлемнің барлық елдерінің заңнамасы төтенше жағдайды енгізу барысында адамдардың белгілі бір құқықтары мен бостандықтарын шектейтін арнайы тәртіптерді қарастырады.

Төтенше жағдай институтын талдау нәтижесі, құқық қолдану тәжірибесінің қазіргі заманғы мәселелері аталған аспектінің зерттелу және ғылыми тұрғыда өңделу дәрежесі жеткіліксіз, төмен екендігін көрсетеді. Төтенше жағдай институтын, сондай-ақ оның ішінде ішкі істер органдарының алатын орнын отандық ғалымдармен толыққанды зерттелмеген, жалпы аталған мәселеге қатысты И. И. Василишинның, А. Х. Габдуллиннің, М. А. Громовтың, М. Давиладзенің, Б. И. Дерюжинскийдің, В. Б. Дмитрининің, А. А. Жижконың, С. В. Иванеевтің, Н. В. Карахановтың, М. П. Киреевтің, В. В. Князевтің, И. Е. Кривошеевтің, И. Е. Ложкиннің, В. В. Лозбиневтің, А. Ф. Майдыковтың, А. А. Москальцтің, В. В. Овчинниковтің, Ф. С. Разореновтің, В. Н. Соглаевтің, С. А. Старостиннің, В. И. Фризконың, Ю. Г. Шпаковскийдің және т. б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Резюме

Авторы анализируют необходимость комплексного исследования места и значимости чрезвычайного положения в общегосударственной системе обеспечения национальной безопасности на современном этапе, разработки методических рекомендаций по совершенствованию деятельности и правового регулирования органов государственной власти, в том числе и МВД Республики Казахстан, в чрезвычайных ситуациях.

Resume

The authors analyze the need for a comprehensive study of space and the importance of emergency in the national system of national bezopsasnosti at the present stage, the development of guidelines to improve the activities and legal pegulirovaniya public authorities including the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan in emergencies.

-
- ¹ Лозбинев В. В. Институт чрезвычайного положения в Российской Федерации и механизм его реализации: Теоретические и организационно-правовые аспекты: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2000.
 - ² Аникиенко С. А. Административно-правовой режим чрезвычайного положения, вводимого в связи с социальными конфликтами: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2000.
 - ³ Ескендиоров А. Вопросы правового и процессуального регулирования деятельности государственных органов и должностных лиц в условиях чрезвычайного положения // Naukazan. 2013. 2 апр.